

**Пошанов Нурсултан Нурбаевичтің «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ресми рецензенттің берген**

## **СЫН ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысы адамзат қоғамының барлық өмірінде, оның қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарған қоршаған ортаны қорғаудағы экологиялық бақылау және қадағалау мәселелеріне арналған.

Диссертациялық зерттеу жұмысы шын мәнінде бүгінгі таңдағы өзекті де, күрделі мәселеге арналған және ғылыми тұрғыдан зерттеуді талап етеді.

Қоршаған ортаның табиғи жағдайын жақсарту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды сақтау және көркейту негізінде табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетін қамтамасыз ету мәселесі адамзат өркениеті дамуының барлық кезеңдерінде өткір өзекті мәселе ретінде күн тәртібінен түскен емес. Қазіргі кезде де, біздің қоғамымызда күн сайын қоршаған ортаны қорғау саласында түрлі құқық бұзушылықтар мен келеңсіз жағдайлар орын алып жатады. Солардың салдарынан айналадағы қоршаған ортаға белгілі бір мөлшерде зиян келеді. Ал қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың басты міндеті жоғарыда аталған құқық бұзушылықтар мен қоршаған ортаға зиянын тигізетін басқа да іс-әрекеттердің алдын алу және болдырмау болып табылады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының Конституциясынан, «Қазақстан-2050» стратегиясынан және Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан тікелей туындайды.

Жоғарыда аталған мәселер диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігін, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалауды ғылыми тұрғыда зерттеу қажеттілігін айқындайды.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны - жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа ғылыми сипатқа ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ, қазіргі заманғы теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

**Бірінші нәтиже.** Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының қызметіндегі параллелизм мен қайталануды болдырмау үшін және қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану, сондай-ақ

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы атқарушы билік органдарының бақылау қызметін нақты үйлестіру үшін ұсыныстар келтірілді;

**Екінші нәтиже.** Қоршаған ортаның сапасы мен оның жай-күйін үнемі бақылап отыру үшін Бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесін құру ұсынылды;

**Үшінші нәтиже.** Қоршаған ортаны қорғау саласымен байланысты құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды арнайы есепке алу үшін – қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзған тұлғалар тізілімін енгізу ұсынылды;

**Төртінші нәтиже.** Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық экологиялық бақылауды құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу арқылы, аталған қызметті жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар келтірілді;

**Бесінші нәтиже.** Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылауды жетілдірудегі шет мемлекеттердің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде бірқатар практикалық маңызы бар ұсыныстар келтірілді.

Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында қол жеткізілген нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделген және практикалық қажеттілігі дәлелденген.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

**Бірінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, сондай-ақ көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен тұжырымдарын зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

**Екінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Өйткені, мемлекеттік және өндірістік экологиялық бақылауға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қоршаған ортаның жай-күйі туралы Ұлттық баяндамаларды, мемлекеттік органдардан алынған статистикалық мәліметтерді зерттеу және талдау нәтижесінде алынған.

**Үшінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, қоршаған ортаны қорғауға байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қоршаған ортаның жай-күйі туралы Ұлттық баяндамаларды, мемлекеттік органдардан алынған статистикалық мәліметтерді зерттеу және талдау нәтижесінде алынған.

**Төртінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, қоғамдық экологиялық бақылауға қатысты отандық және ТМД елдері ғалымдарының іргелі ғылыми еңбектері мен зерттеулеріне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен қоғамдық экологиялық бақылау ұйымдарынан алынған мәліметтерге жүргізілген зерттеу және талдау жұмыстары нәтижесінде алынған.

**Бесінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылауды жетілдіруде дамыған Европа, АҚШ және Азия мемлекеттерінің заңнамалары мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде алынған.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші нәтиже** – ішінара жаңа болып табылады. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бұған дейін зерттелген болатын. Бірақ та, ізденуші қазіргі кезде біздің еліміздің дамуында орын алып жатқан жаңаша үдерістерді ескере отырып, табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында атқарушы биліктің орталық атқару органдары арасында көлденеңінен мемлекеттік бақылау объектілері мен өкілеттіктерінің ара-жігін ажыратуды ұсынған. Сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында тігінен мемлекеттік бақылау объектілері мен өкілеттіктерінің ара-жігін ажыратуды ұсынған.

**Екінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Себебі, біздің елімізде қоршаған ортаның сапасы мен оның жай-күйін үнемі бақылап отыру үшін жаңа Бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесін құру ұсынылды.

**Үшінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Өйткені, біздің елімізде алғаш рет қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзған тұлғалар тізілімін енгізу ұсынылды.

**Төртінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Яғни, заңнамалық деңгейде қоғамдық экологиялық бақылауды толығырақ реттейтін, осы салада азаматтар мен қоғамдық ұйымдарға тиісті өкілеттіктер беретін, сондай-ақ, әр түрлі жобалық шешімдерді орындау кезінде қоғамның пікірін ескеруді міндеттейтін құқықтық нормаларды енгізу ұсынылды. Сонымен қатар, экологиялық мәселелерді шешуге қоғамның белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету үшін, заңнамалық тұрғыда қоғамдық экологиялық бақылау инспекторының құқықтық статусын белгілеу ұсынылды.

**Бесінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы бірқатар заңнамаларына экологиялық бақылауды жетілдірудің жаңа экономикалық тетіктерін енгізуді көздейтін өзгерістер енгізу ұсынылған.

**5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау мәселесіне байланысты нормативтік-құқықтық актілер мен осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру барысында пайдалану, өзінің оң нәтижесін береді. Сондай-ақ, жоғарғы оқу орындарында заңгер мамандарды дайындау барысында экологиялық құқық пәнін оқытуда аталған диссертациялық жұмыстың нәтижелерін пайдалану, оқу құралы ретінде ұсыну білім алушылардың білімін жетілдіруде өзінің тиімділігін көрсетеді.

**6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада 13 ғылыми мақалалары жарық көрген. Олардың 3-і халықаралық конференцияларда, соның ішінде 2-і шетелдік конференцияларда, сондай-ақ, 8-і ҚР БЖҒМ білім саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған басылымдарда және 2-і Scopus базасына енген шетелдік ғылыми журналдарда жарық көрген.

3 мақала - Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды:

1. «Concept of environmental control and supervision» // «Science and practice: a new level of integration in the modern world» Materials of the 3rd International Conference. ISBN-10:1-941655-48-3 Sheffield, UK. March 5, 2017, p. 9-12.

2. «Environmental control and supervision as a function of public administration» // «Modern jurisprudence: Legal thought and enforcement practice» Materials of the 5th International Conference. ISBN 978-1-941655-62-7 Sheffield, UK. November 10, 2017, p. 41-52.

3. «Экологиялық бақылау мен қадағалаудың мемлекеттік басқару функциясы ретінде қалыптасуы» // «XXI ғасырдағы ғылым және білім» атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет конференция жинағы. ISBN 978–601–301–389–3. –Астана, –2018, 233-236 б.б.

8 мақала - ҚР БЖҒМ-нің ғылым және білім саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды:

1. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың маңыздылығы» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2017. – №3 (46). – 136-138 б.б.

2. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың түрлері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2017. – №6 (50). – 219-221 б.б.

3. «Экологиялық бақылау мен қадағалаудың кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2018. – №2/1 (56). – 110-112 б.б.

4. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік экологиялық бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 2/2 – 88-95 б.б.

5. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық экологиялық бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 2/2 – 96-100 б.б.

6. «Мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдірудің ұйымдық құқықтық мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 5/6 –69-73 б.б.

7. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қалыптасу тарихы» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 5/6 –57-62 б.б.

8. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 5/6 –63-68 б.б.

2 мақала - Scopus деректер базасында тіркелген және индекстелетін журналдарда жарияланды:

1. «Comparative Analysis of Existing Environmental Control in the Republic of Kazakhstan and Foreign Countries» // «Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues» (ISSN: 1544-0036) 2018, Volume 21, Issue 1, p. 1-7.

2. «Features of Compensation for Damage Caused to Natural Resources in Kazakhstan» // «Journal of Advanced Research in Law and Economics» (ISSN: 2068-696X) 2018, Volume IX, Issue 4(34) p. 1169-1175.

**7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертация жоғары бағаға лайықты, десек те бірлі-жарымды ұсыныстарды талап етеді:

1) Жұмыста қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық экологиялық бақылау ұйымдарының қызметі туралы көбірек мәліметтер келтіргенде, аталған бөлім мазмұнының құндылығы одан әрі арта түсер еді.

2) Зерттеу жұмысының мәтінінде кіші-гірім техникалық қателіктер кездеседі.

Жоғарыда келтірілген ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын, мәнін және ғылыми маңыздылығын төмендетпейді, тек қана ұсыныстық сипатта болып табылады.

**8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Пошанов Нурсултан Нурбаевичтің «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ізденушінің өзі дербес орындаған білікті еңбегі болып табылады.

Диссертацияның алға қойған міндеттері шешімін тауып, мақсаты орындалған. Жұмыста қазіргі заманғы талаптарға сай келетін теориялық және практикалық маңызы жоғары мәселелер ғылыми шешімін тапқан.

Н.Н. Пошановтың «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы белгіленген талаптарға сай келеді және оның авторына 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**М.Әуезов атындағы**

**Оңтүстік Қазақстан университеті**

**Қылмыстық құқық және криминология**

**кафедрасының меңгерушісі,**

**з.ғ.к., қауымдастырылған профессор**

ҚҰЛЫН РАСТАЙМЫН  
ЖЖ бөлімінің  
басшысы



**Ж.Б. Акшатаева**